

**Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру, сондай-ақ барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 581 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 маусымдағы № 435 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.06.2015 № 435 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 16-бабының 47) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру, сондай-ақ барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыру қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2011 жылғы	25 мамырдағы
№ 581 қаулысымен	
бекітілген	

**Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру, сондай-ақ барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыру қағидасы**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 16-бабының 47) тармақшасына және 44-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген және тікелей келіссөздер негізінде пайдалы қазбаларды барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын берудің, сондай-ақ барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асырудың тәртібін белгілейді.

2. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келісімшарт жасасу жолымен беріледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 2. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібі

3. Тікелей келіссөздер негізінде барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын:

1) автомобильге жанармай құю стансаларын қоспағанда, мұнай мен газды сақтауға арналған жерасты немесе топырақ қабатынан төмен тереңдіктегі құрылыстарды;

2) жер астындағы тереңдігі үш метрден астам тоннельдерді, метрополитендерді, жерасты жолдары мен инженерлік құрылыстарды;

3) қорларды жасанды толтыру үшін жер қойнауына жерасты суларын айдауға арналған құрылыстарды;

4) қатты, сұйық және радиоактивті қалдықтарды, зиянды улы заттарды көму мен жиып қою және сарқынды және өнеркәсіптік суларды жер қойнауына ағызу үшін топырақ қабатынан төмен тереңдіктегі қалдық қоймаларын, қойыртпақ қоймаларын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған келісімшарттар жасалады.

4. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың,

астананың жергілікті атқарушы органының жұмыс тобы жүргізеді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

5. Барлаумен және өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарттар жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге заңды және жеке тұлғалар қатысуға құқылы.

6. Келісімшарт жасасуға үміткер тұлға тікелей келіссөздерге қатысу үшін осы қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жібереді.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7. Тікелей келіссөздерге қатысуға өтінім:

1) заңды тұлғалар үшін — өтініш берушінің атауын, оның орналасқан жерін, мемлекеттік тиесілігін, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі және салық органдарында тіркелуі туралы мәліметтерді, жарғылық капиталдағы олардың үлестерінің мөлшері (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) көрсетіле отырып, өтініш берушінің басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтерді, бағалы қағаздардың жалпы саны көрсетіле отырып, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында заңды тұлғаның құнды қағаздарының айналуы туралы мәліметтерді, өтінім берушінің еншілес ұйымдары туралы мәліметтерді;

2) жеке тұлғалар үшін - өтініш берушінің аты мен тегін, заңды мекен-жайын, азаматтығын, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттары туралы, өтініш берушінің салық органдарында тіркелуі туралы, өтініш берушінің кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркелуі туралы мәліметтерді;

3) өтініш берушінің мүддесін білдіретін басшылардың немесе өкілдердің өкілеттіктері туралы мәліметтерді қоса алғанда, мұндай тұлғалар туралы деректерді;

4) ұлттық компанияларды қоспағанда, барлық өтініш берушілердің өтінімінде көрсетілетін өтініш берушінің техникалық, басқарушылық, ұйымдастырушылық және қаржылық мүмкіндіктері туралы деректерді қамтуға тиіс.

Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарт жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге қатысуға арналған өтінімге мынадай мәліметтерді:

1) зиянды, улы заттарды, қатты және сұйық қалдықтарды кему объектілерінің, сарқынды және өнеркәсіптік суларды ағызатын жердің, оның ішінде объектінің орналасқан жерін, пайдалану кезеңін, ұстауға арналған шығындарды, жерасты

сулары, қоршаған орта мен жер қойнауы мониторингінің қадағалау желісінің болуы мен орналасуының жалпы сипаттамасын;

2) объектілердің физикалық сипаттамасын - оқшаулау сипаттамасын, тау-кен жыныстарының типін, коллектор қаттарының жерасты тереңдігін және тиімді қуатын, оның алаңын, кеуектілік коэффициентін, төселетін және жабылатын су тірегінің сипаттамасын, жерасты суларының табиғи ағысының жылдамдығын, көмудің, жиып қою мен ағызудың сапалық және сандық көрсеткіштерін, тау-кен техникалық, көмудің, сақтаудың және тастаудың арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттарын;

3) қызметі зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, сарқынды және өнеркәсіптік сулардың түзілуіне әкеп соғатын ұйымдар туралы мәліметтерді;

4) өнімнің атауы, ол түзілетін техникалық өндіріс немесе процесс, оның физикалық сипаттамасы, толық химиялық құрамы, уытты компоненттердің болуы, өрт қаупі, жарылыс қаупі, ерігіштігі, сақтау кезінде басқа заттармен үйлесімділігі, негізгі ластаушы радионуклидтер, олардың белсенділігі, сондай-ақ тасымалдау жүйесінің сипаттамасы көрсетіле отырып, зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, сарқынды және өнеркәсіптік сулардың сипаттамасын;

5) уәкілетті органның алдағы құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқтығы туралы немесе оның маңыздылығының аздығы туралы қорытындысын;

6) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын қамтитын құжаттар қосымша берілуге тиіс.

8. Өтінімде көрсетілген мәліметтерді растайтын, тиісті түрде куәландырылған құжаттар (не олардың нотариат куәландырған көшірмелері) өтінімге қоса беріледі.

9. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы өтінімді қабылдайды, арнайы журналда тіркейді және өтініш берушіні тікелей келіссөздер жүргізу туралы немесе тікелей келіссөздер жүргізуден бас тарту туралы шешімнің қабылданғаны туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Тікелей келіссөздер Заңның 58-бабының талаптарына сәйкес ресімделген өтінім келіп түскен күнінен бастап екі ай ішінде жүргізіледі.

Тікелей келіссөздер жүргізу мерзімі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының шешімімен ұзартылуы

м ү м к і н .

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күн тікелей келіссөздердің қорытындысы бойынша шешім қабылданған күн болып есептеледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы өтініш берушіні тікелей келіссөздердің қорытындылары бойынша қабылданған шешім туралы тікелей келіссөздердің хаттамасына қол қойған күнінен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде хабардар етуге м і н д е т т і .

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы не беруден бас тарту туралы шешім өтініш берушінің келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігі туралы куәландыратын деректердің негізінде қабылданады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беруден бас тарту туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы м ү м к і н .

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Тікелей келіссөздердің қорытындылары бойынша шешім облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі жұмыс тобының хаттамасымен р е с і м д е л е д і .

Хаттама тікелей келіссөздер жүргізілген күнінен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жасалады және оған қол қойылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілген жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жобалау құжаттары жобалауға қажетті лицензиялары бар жобалау ұйымының шарты негізінде міндетті тарту арқылы ә з і р л е н е д і .

15. Жобалау құжаттамалары бекітілгеннен кейін жер қойнауын пайдаланушы

30 (отыз) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға тау-кендік бөлу жобасын және жұмыс бағдарламасын жібереді. Тау-кендік бөлу жер қойнауын пайдаланушының, барлаумен және өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүргізетін жер қойнауы учаскесін графикалық және сипаттамалық жағынан айқындайтын келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

16. Уәкілетті орган тау-кендік бөлудің жобасы берілген күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей тау-кендік бөлуді береді.

17. Жұмыс бағдарламасы келісімшарттың міндетті бөлігі (қосымшасы) болып табылады, белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жобалау құжаттарының негізінде жасалады және уәкілетті органмен келісілуге тиіс. Жұмыс бағдарламасын уәкілетті органмен келісу келісімшарт жобасына сараптама жүргізумен бір мезгілде жүзеге асырылады. Жұмыс бағдарламасын келісу мерзімі уәкілетті органға жұмыс бағдарламасы келіп түскен күннен бастап бір ай дан аспайды.

18. Жобалау құжаттарының көрсеткіштері өзгерген кезде, соның нәтижесінде жұмыс бағдарламасының көрсеткіштері өзгерсе, жұмыс бағдарламасына тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

19. Өтініш беруші тікелей келіссөздер барысында ұсынған және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы қабылдаған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары міндетті түрде тікелей келіссөздер хаттамасына, ал кейіннен келісімшартқа қамтылады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

20. Келісімшартты жасасу үшін барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының тікелей келіссөздер хаттамасы негіз болып табылады. Тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнінен бастап үш ай ішінде келісімшарт жасалады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

21. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы осы қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісімшарт жасалған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға

арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісін береді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **3. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асырудың тәртібі**

22. Жер қойнауын пайдаланудағы барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жарамды жер қойнауы учаскелерін беру геологиялық ақпаратқа мемлекеттік сараптама жүргізілгеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

23. Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыстар салу, сондай-ақ олар жатқан орындарда жерасты құрылыстарын салу, уәкілетті органның және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның рұқсатымен пайдалы қазбаларды өндіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген немесе құрылыстар салудың экономикалық тиімділігі дәлелденген жағдайда жүргізіледі.

24. Жер қойнауын пайдаланушы жобаланатын және жүргізілген жұмыстардың қоршаған ортаға тигізетін әсеріне бағалау жүргізуі, осы бағалаудың нәтижелерін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға ұсынуы тиіс.

25. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүргізудің шарттары мен тәртібі келісімшартта айқындалады.

26. Жерасты құрылыстарын келісімшартта көрсетілген өзге мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады.

27. Барлаумен және өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану құрылыс саласындағы заңнаманың талаптарын сақтай отырып, келісімшарттың, жобаның шарттарына және жерасты құрылыстарын салу және пайдалануға арналған технологиялық схемаға сәйкес жүргізіледі.

28. Барлаумен және өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүргізу құқығын алған жер қойнауын пайдаланушы тау-кендік бөлуде белгіленген жер қойнауы учаскесінің шегінде ғана жер қойнауын пайдалану жөнінде тиісті операциялар жүргізеді.

Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе)

пайдалануға жер қойнауын пайдалану  
құқығын беру, сондай-ақ барлаумен  
немесе өндірумен байланысты емес  
жерасты құрылыстарын салуды  
және (немесе) пайдалануды жүзеге  
асыру қағидасына  
1-қосымша  
Облыстың, республикалық  
маңызы бар қаланың, астананың  
жергілікті атқарушы органы

\_\_\_\_\_ облысында орналасқан \_\_\_\_\_

«Жер қойнауын барлаумен және (немесе) пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану» үшін тікелей келіссөздерді жүргізу жолымен жер қойнауын пайдалану құқығын алуға

## ӨТІШІМ

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Өтініш беруші туралы деректер:

Заңды тұлғаның атауы: \_\_\_\_\_

Орналасқан жері \_\_\_\_\_

Меншік нысаны \_\_\_\_\_

Мемлекеттік тиесілігі \_\_\_\_\_

Тіркеу құжатының нөмірі: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу / қайта тіркеу туралы куәлік\* немесе анықтама \_\_\_\_\_

Ескертпе:\* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСК) \_\_\_\_\_

Басшылар мен қатысушылар (немесе олардың жарғылық капиталдағы үлесінің көлемін көрсете отырып (жарғылық капиталдың жалпы көлемінен) акционерлер) туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

Бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында осындай қағаздардың жалпы



санын көрсете отырып, заңды тұлғаның бағалы қағаздарының айналымы туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің еншілес ұйымдары туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

Деректемелер: \_\_\_\_\_ қ. \_\_\_\_\_ е/шоты БСК \_\_\_\_\_

Мекенжайы, телефоны, факс, e-mail \_\_\_\_\_

Құрылтайшылар: \_\_\_\_\_

Құрылған күні: \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің тегі мен аты (жеке тұлғалар үшін): \_\_\_\_\_

Заңды мекенжайы \_\_\_\_\_

Азаматтығы \_\_\_\_\_

Жеке куәлік № \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_

Өтініш берушіні кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркеу \_\_\_\_\_

1) Өтініш берушінің мүддесін білдіретін басшылардың немесе өкілдердің өкілеттіктері туралы мәліметтерді қоса алғанда, мұндай тұлғалар туралы деректер \_\_\_\_\_

2) Қызметтің негізгі түрі: \_\_\_\_\_

3) Жұмыс тәжірибесі: \_\_\_\_\_

4) Кәсіпорынның қаржылық жай-күйі, қаржыландыру көзі: \_\_\_\_\_

2. Қазақстанның жер қойнауын пайдаланумен байланысты жұмыстардың  
мақсаттық \_\_\_\_\_ белгіленімі:

1) Объектінің атауы: \_\_\_\_\_

Қысқаша геологиялық сипаттамасы: \_\_\_\_\_ орналасқан \_\_\_\_\_

2) Объектілердің жалпы сипаттамасы: \_\_\_\_\_

(орналасқан жері, пайдалану кезеңі, ұстауға арналған шығындар, қоршаған орта мониторингінің қадағалау желісінің болуы мен орналасуы).

3) Объектілердің тау-кен-геологиялық және гидрогеологиялық сипаттамасы: \_\_\_\_\_

(оқшаулау сипаттамасы, тау-кен жыныстарының типі, коллектор қаттарының жерасты тереңдігі және тиімді қуаты, оның алаңы, кеуектілік коэффициенті, төселетін және жабылатын су тірегінің сипаттамасы, жерасты суларының табиғи ағысының жылдамдығы, су ағызуды сақтау және басқа, көму (жиып қою) мен ағызудың сапалық және сандық көрсеткіштері, тау-кен техникалық, арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттары).

4) Зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар және ағынды сулар түзілетін ұйымдар туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_



**Қазақстан Республикасында барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және/немесе пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу АКТІСІ**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 981 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

\_\_\_\_\_ қ. 20\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Осымен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының 20\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ тікелей келіссөздер х а т т а м а с ы н ы ң \_\_\_\_\_ н е г і з і н д е

\_\_\_\_\_ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы) және

\_\_\_\_\_ арасында жасалған  
(Мердігер)

\_\_\_\_\_ келісімшарт тіркеледі  
(тікелей келіссөздер объектісінің атауы)

Тіркеу № \_\_\_\_\_

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі